

# БІЛІМ БЕРУ 4.0.

«ПЕДАГОГ» КӘСІПТІК СТАНДАРТЫ



ЖОБА

## ҚҰРМЕТТІ ПЕДАГОГ!

*Сіздің жасап жатқан еңбегіңіздің қоғам үшін маңызы зор, ол елдің дамуы мен өркендеуін қамтамасыз етеді. Қазіргі өзгермелі және болжамы қиын әлемде Сізден: жаһандық білімділік, мамандық, жауапкершілік, құзыреттілік, ең бастысы, балаларға деген сүйіспеншілік қасиеттері күтіледі.*

*Осы сенімдерге сай болу үшін Сіз еңбек жолына қадам басқан сәттен бастап оның әрбір кезеңінде өзіңізді үнемі дамытып, жетілдіріп отыруыңыз керек.*

*Сондықтан біз «Педагог» жаңа кәсіби стандартын әзірледік, бұл жерге педагог мамандыққа кіріскен сәттен бастап қызмет шыңына жеткенге дейін оның бойында болуы шарт қасиеттер мен ерекшеліктер, оған қойылатын талаптар туралы заманауи түсініктерді енгіздік.*

*Осы стандарт қазақстандық педагогтердің кәсіби даму бағытын нұсқаулыққа айналуы тиіс, өйткені ол педагогтің қандай болуы, нені білуі және жасай алуы және жұмыс орнында не істеуі керек екенін көрсетеді.*

*Кәсіби стандартта педагогті оқытудың барлық негізгі бағыттары, ресурстары және өзін-өзі үнемі дамыту мен әріптестік ортада даму, білім алушылармен жұмыс істеу стратегиялары келтірілген деп үміттенеміз. Стандарт - өте маңызды құжат болып табылатындықтан, педагогикалық білімге және педагогтің кәсіби дамуына қатысы бар барлық тұлғалар осы негізгі мәселелер бойынша біртұтас түсінікке ие болғаны біз үшін маңызды. Сондықтан кәсіби стандарттың мақсаты - педагогтердің кәсібилігі мен сапасын арттыру үшін мектептерді, педагогикалық жоғары оқу орындарын, біліктілікті арттыру ұйымдарын, білім басқармаларын біріктіру.*

*Әрине, сондай-ақ кәсіби стандарт бізге аттестаттау, біліктілік тестін тапсыру кезінде педагогтің еңбегін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Жаңа стандарттың көмегімен қоғамның, ата-аналардың педагогке деген сенімі артады деп үміттенеміз, өйткені олардың педагогикалық жұмыс сапасының нормалары мен өлшемдері туралы нақты түсінігі қалыптасады.*

*Құрметті әріптестер, Сіздерден осы құжатпен танысып, пікірлеріңізбен және ұсыныстарыңызбен бөлісулеріңізді сұраймын. «Педагог» кәсіби стандартын бірлесіп әзірлейік!*

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі  
Асхат Аймағамбетов

## КІРІСПЕ

Қазақстандық қоғам ұлтты ілгерілетуге бағытталған, қазіргі және келесі ұрпаққа еліміздің дамуына өз үлесін қосуға мүмкіндік беретін білімнің маңыздылығын түсінеді.

Педагог өз қызметімен ата-аналармен және мемлекетпен сенімді серіктестікте қазақстандық балалардың бүгінгі және болашақ әл-ауқатын анықтайды.

Педагогтің кәсіптік стандартын әзірлеу кезінде Қазақстанда білім беру сапасын академиялық және практикалық арттырудағы қазіргі және болашақ қажеттіліктер, білім беру саласындағы заманауи зерттеулер және үздік халықаралық тәжірибе ескерілді.

## 1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1. Педагогтің кәсіптік стандарты (бұдан әрі – Кәсіптік стандарт):

- 1.1. педагогтің педагогикалық дайындығы мен қызметінің мазмұнын сипаттайды;
- 1.2. педагогтерді даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың, қызметтің басқа да салаларындағы мамандарды қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз болып табылады;
- 1.3. кәсіптік дайындықтан және мамандыққа кірісуден бастап педагогикалық шеберлікке дейінгі құзіреттіліктерді сипаттайды;
- 1.4. нақты педагогтің еңбек қызметін және кәсіптік танылған практика эталонын салыстыру үшін негіз қалыптастырады;
- 1.5. педагогке өз мансабын кәсіптік дамытуға мүмкіндіктер береді;
- 1.6. педагогтің біліктілік деңгейлерін, еңбек функцияларын және кәсіптік даму дәрежесін дифференциалды бағалау құралы болып табылады;
- 1.7. өзгерістер мен инновациялық процестерге белсенді жауап бере отырып, мұғалімге сабақ беру, оқыту және тәрбиелеуде көшбасшылық қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді;
- 1.8. педагогке қоғамдық сенім мен құрметті нығайтуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің әл-ауқатын арттыруға, білім беру ұйымдарында оқыту мен дамуды жақсартуға ықпал етеді.

### 2. Кәсіптік стандарттың қолданылу саласы:

- 2.1. педагогтің кәсіптік құзыреттілігінің бірыңғай түсінігін қамтамасыз ету және қоғамның мүдделі тараптарын хабардар ету;
- 2.2. кәсіптік оқыту бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын және педагогикалық қызметке дайындығын айқындау;
- 2.3. педагогикалық қызметті жобалау мен жүзеге асырудағы педагогтің кәсіптік құзыреттілігінің сипаттамасы;

- 2.4. педагогті кәсіптік қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін дамыту;
- 2.5. педагогтің біліктілік талаптары мен еңбек функцияларының деңгейлерін белгілеу және бағалау;
- 2.6. өзгерістерді басқару және өзінің педагогикалық қызметінің мазмұнын бейімдеу.

### **3. Осы Кәсіптік стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:**

- 3.1. еңбек функциясы (кәсіптік қызмет) – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы;
- 3.2. оқыту практикасы/тәрбие және оқыту – білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің білім беру процесін ұйымдастыруға бағытталған оқыту және тәрбиелеу мақсаттарын іске асыру бойынша педагогтің қызметі, білім беру мазмұнын меңгеруде және қажетті жеке қасиеттерді қалыптастыруда жоспарлы жүйелі көмек;
- 3.3. Құзырет – оларға қатысты сапалы және нәтижелі әрекет ету үшін қажетті объектілер мен процестердің белгілі бір шеңберіне қатысты берілетін өзара байланысты жеке қасиеттердің (білім, білік, дағды, іс-әрекет тәсілдері) жиынтығы;
- 3.4. Кәсіптік құзыреттілік – кәсіптік қызметті түсіну мен орындауды қамтамасыз ететін білім, зияткерлік және пәндік-практикалық білік, дағдылар, әдеттер жүйесі.

## **2 ТАРАУ. КӘСІПТІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

Педагогтің міндетті сапасы білім алушының тұлғасына қатысты көрінетін гуманизм болып табылады.

Педагогтің сенімдері мен көзқарастары азаматтарды болашақтың көзқарасына сәйкес тәрбиелеуде және өздерінің құндылықтары мен қатынастарын қалыптастыруда көрінеді.

Педагогикалық іс-әрекетке дайындық педагогикалық білім мен білік, білім беру және этикалық нормалар кешенінің болуымен көрінеді.

Педагогтің еңбек қызметін бағалау білім беру қызметін жүзеге асыру және оны басқару үшін педагогикалық техниканы игеруде, тәрбие мен оқытудың жоғары деңгейде көрінетін педагогикалық шеберлік деңгейін анықтайды.

Педагог өз қызметі барысында үнемі кәсіптік білімі мен құзыреттілігін кеңейтеді және байытады, білім беру инновацияларын жасайды және енгізеді.

# ПЕДАГОГТИҢ КӘСІПТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ШЕҢБЕРІ

Құзыреттер	Критерийлер	Көрсеткіштер
<b>1. Кәсіптік құндылықтар</b>  Адалдық, әділдік, құрметті және жауапты қарым-қатынасты көрсете отырып, өзінің кәсіптік қызметін орындайды	1.1 Педагог мамандығына міндеттеме	1.1.1 Барлық білім алушылардың / тәрбиеленушілердің білім беру мақсаттарына қол жеткізу қабілетіне сенімділік танытады 1.1.2 Педагог мамандығына деген адал көзқарасын көрсетеді 1.1.3 Өз қызметінде қолданыстағы заңнаманы ескере отырып, нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады
	1.2 Азаматтық таныту	1.2.1 Оқыту және тәрбиелеу процесінде Қазақстанның ұлттық мұрасы мен мәдени құндылықтарына міндеттілігін көрсетеді 1.2.2 Оқыту мен тәрбиелеу процесінде мәдени және тілдік әртүрлілік пен жаһандық азаматтықты біріктіреді 1.2.3 Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік танытады
	1.3 Кәсіптік этиканы сақтау	1.3.1 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке басына және олардың ата-аналарына/қамқоршыларына құрмет көрсетеді 1.3.2 Мінез-құлықта кәсіптік-этикалық нормаларды басшылыққа алады 1.3.3 Педагог кәсібінде кәсіптік-этикалық нормаларды түсінеді және қолданады
	1.4 Жауапкершілік көрсету	1.4.1 Білім алушылардың / тәрбиеленушілердің оқуына және тәрбиесіне жауапкершілік танытады 1.4.2 Педагог кәсібінде өзінің кәсіптік деңгейінің сәйкестігі үшін моральдық жауапкершілік алады 1.4.3 Педагогикалық қоғамдастықтың білім беру процесі үшін жауапкершілігін бөліседі
	1.5 Проактивтіліктің көрінісі	1.5.1 Білім беру процесін жақсартуға қатысты өзгерістер мен инновацияларды енгізуге белсенділік танытады 1.5.2 Білім алушыларды/тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеуде тәуекелдерді басқарады 1.5.3 Өзін-өзі реттеуге және стресске төзімділікке қабілетті

<p><b>Кәсіптік білім</b></p> <p>Мәдени құндылықтарды, оқыту саясаты мен теориясын білу негізінде сапалы оқытудың педагогикалық тәсілдерін түсінеді.</p>	<p>2.1 Білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің білімі және олар қалай оқиды және дамиды</p> <p>2.2 Пәнді/ қызметті және оны қалай оқыту /ұйымдастыру және білім алушыларды қалай бағалау керектігін білу</p>	<p>2.1.1 Білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің әлеуметтік-мәдени және жеке ерекшеліктері туралы білімдерін көрсетеді</p> <p>2.1.2 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктері туралы білімдерін көрсетеді</p> <p>2.1.3 Оқыту мен тәрбиелеу процесінің инклюзивтілігін түсінеді</p> <p>2.1.4 Білім беру прогресі ретінде оқыту мен тәрбиелеу процесін түсінуді көрсетеді</p> <p>2.2.1 Пәндік саланың / қызметтің теориялық және қолданбалы білімін көрсетеді</p> <p>2.2.2 Білім беру және оқу бағдарламасының тұжырымдамалық негіздерін, сондай-ақ сабақты әзірлеу және жоспарлау кезінде бағалау әдістерін түсінеді</p> <p>2.2.3 Білім алушының/тәрбиеленушінің танымдық процесінің заңдылықтарына сәйкес пәнді қалай оқыту/қызметін жүзеге асыру туралы түсінеді</p> <p>2.2.4 Педагогикалық тәсілдер, технологиялар мен ресурстардың өзара байланысында пәнді қалай оқыту/қызметті жүзеге асыру керектігін түсінеді</p>
<p><b>Сабақ беру/тәрбиелеу және оқыту тәжірибесі</b></p> <p>Қоғамдастықпен ынтымақтастықта технологиялар мен ресурстарды қолдана отырып, барлық білім алушылар/ тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, қолайлы ортаны және оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізу бойынша нәтижелі процесті ұйымдастырады.</p>	<p>3.1 Қауіпсіз және қолайлы оқыту және дамыту ортасын құру</p>	<p>3.1.1 Қауіпсіз заттық-кеңістіктік және денсаулық сақтау ортасын қолдайды</p> <p>3.1.2 Білім беру ортасында құқықтық және әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздікті қолдайды</p> <p>3.1.3 Оқыту мен дамытуда әрбір білім алушыға/тәрбиеленушіге қолдау көрсететін қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастырады</p> <p>3.1.4 Білім алушының/тәрбиеленушінің дамуы мен уәждемесінің қолайлы инклюзивтік жағдайларын қолдайды</p> <p>3.1.5 Сабақ беру мен оқытуда АКТ-ны қауіпсіз және этикалық пайдалануды қамтамасыз ету үшін стратегияларды түсінуді көрсетеді</p>

	<p>3.2 Оқыту және тәрбиелеу процесін жоспарлау</p>	<p>3.2.1 Оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес білім беру процесін құрылымдайды  3.2.2 Білім алушының / тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескереді  3.2.3 Оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес оқыту/тәрбиелеу технологияларын және бағалау стратегияларын таңдайды  3.2.4 Әріптестердің, білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің және ата-аналардың/ заңды өкілдердің кері байланысын ескереді  3.2.5 Білім алушылардың тартылуы үшін оқу процесінде АКТ пайдалану дағдыларын көрсетеді</p>
	<p>3.3 Оқыту және тәрбиелеу процесін іске асыру</p>	<p>3.3.1 Оқыту мен тәрбиелеу мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін сабақ/ қызметті ұйымдастырады  3.3.2 Білім алушылардың / тәрбиеленушілердің оқыту мен тәрбиелеудің жоғары нәтижелеріне ұмтылуына ықпал етеді және олардың ұмтылысын қолдайды  3.3.3 Жұмыс барысында туындайтын объективті өзгерістерге қарамастан сабақтың / қызметтің мақсатына жетеді  3.3.4 Оқыту/тәрбиелеу технологиясын және мақсатқа сәйкес бағалау стратегиясын қолданады</p>
	<p>3.4 Оқыту және тәрбиелеу процесіндегі ынтымақтастық</p>	<p>3.4.1 Оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізу үшін білім алушылармен / тәрбиеленушілермен өзара іс-қимыл жасайды  3.4.2 Оқушылардың/тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ата-аналармен/заңды өкілдермен өзара іс-қимыл жасайды  3.4.3 Білім беру процесін жақсарту үшін кәсіптік қоғамдастықтар шеңберінде әріптестермен және мүдделі тараптармен ынтымақтасады</p>

<p><b>Кәсіптік өсу (даму)</b></p> <p>Педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құзыреттерді дамыта отырып, өзінің кәсіптік өсуін басқарады. Кәсіптік дамуда әріптестерін қолдайды</p>	<p>4.1 Өз тәжірибесі мен әріптестерінің тәжірибесіндегі рефлексия</p>	<p>4.1.1 Өзінің және әріптестерінің тәжірибесін талдайды</p> <p>4.1.2 Әріптестермен өзара іс-қимыл жасауда өз тәжірибесін дамыту салаларын анықтайды</p> <p>4.1.3 Өз тәжірибесін үздіксіз жақсартуды жоспарлайды</p> <p>4.1.4 Әріптестерімен өзара қарым-қатынаста өз тәжірибесіндегі өзгерістердің тиімділігін бағалайды</p>
	<p>4.2 Өзін-өзі дамыту сапасын басқару және көшбасшы болуға ұмтылу</p>	<p>4.2.1 Әріптестерімен өзара іс-қимыл жасауда өзінің кәсіптік құзыреттілігіне талдауды жүзеге асырады</p> <p>4.2.2 Кәсіптік білімді, дағдылар мен құзыреттерді дамытудың тиімді жолдарын белгілейді</p> <p>4.2.3 Өзінің кәсіптік даму мақсаттарына қол жеткізудің нәтижелілігін басқарады</p> <p>4.2.4 Тәжірибе таратады, әріптестерінің зерттеулерін үйлестіреді және педагогикалық қоғамдастыққа кәсіптік қолдау көрсетеді</p>



# ӨСІРУ ПРИНЦИПІНЕ СӘЙКЕС ҚҰРЫЛЫМДАЛҒАН БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫ БОЙЫНШАИ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК КРИТЕРИЙЛЕРІ

Құзыреттілік критерийлері	Педагог/педагог-стажер	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
<b>1. КӘСІПТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР</b>					
1.1 Педагог мамандығына міндеттемелерді білдіру 1.2 Азаматтық таныту 1.3 Кәсіптік этиканы сақтау 1.4 Жауапкершілік көрсету 1.5 Икемді болу және шешім қабылдау					
<b>2. КӘСІПТІК БІЛІМ</b>					
2.1 Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің білімі және олардың қалай оқиды/дамиды	Білім алушылардың / тәрбиеленушілердің ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, дамуы үшін өзекті психологиялық-педагогикалық теорияларды білетіндігін көрсетеді	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қадағалау прогресі стратегияларын біледі	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің ерекшеліктер мен қажеттіліктерді диагностикалау нәтижелері негізінде жеке білім беру бағытын қалай анықтау керектігін түсінеді	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жеке даму траекториясын қалай жобалау керектігін түсінеді	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту және тәрбиелеу бағдарламалары мен әдістемесін қалай әзірлеу керектігін түсінеді

2.2 Пәнді/қызметті және оны қалай оқыту/ұйымдастыру қызметін білу	Танымдық үрдістің заңдылықтарымен өзара байланыста білім беру бағдарламасының теориялық және әдістемелік негіздерін біледі	Оқытудың/тәрбиелеудің жалпы қиындықтарын ескеріп отырып, пәнді/пәндерді/қызметті оқытудың теориялық-қолданбалы негіздері мен әдістемелері туралы білімдерін көрсетеді	Меңгерудегі қиындықтарды ескеріп отырып, білім беру бағдарламасының, оқытудың / қызметті ұйымдастырудың технологиялары мен стратегияларының тұжырымдамалық негіздерін біледі	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің ойлау қабілетін дамыту заңдылықтарымен өзара байланыста оқыту/тәрбиелеу процесін қалай жобалау керектігін түсінеді	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің табысты меңгеруіне ықпал ететін пәнді/пәндерді/қызметті оқыту әдістемесін қалай әзірлеу керектігін түсінеді
---	--	---	--	---	--

### 3. САБАҚ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІ

Білу: 3.1 Қауіпсіз және қолайлы оқыту/білім беру / дамыту ортасын құру	Оқу/ білім беру процесі кезінде қауіпсіз оқу / дамыту ортасының және эмоционалды-психологиялық ахуалдың нормаларын сақтайды	Оқу/білім беру процесі кезінде денсаулық сақтайтын оқу/ дамыту ортасын және эмоционалды-психологиялық ахуалды қолдайды	Әлеуметтік-психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және әрбір білім алушыны / тәрбиеленушіні қолдайтын қолайлы оқу / дамыту ортасын жасайды	Қауіпсіз оқу / дамыту ортасын басқарады және әрбір білім алушы / тәрбиеленушінің дамуы үшін қолайлы инклюзивті жағдайлар жасайды	Қауіпсіз, қолайлы және ынталандыратын оқу / дамыту ортасын құру бойынша тиімді тәжірибені таратады
---	---	--	--	--	--

3.2 Оқыту/тәрбиелеу процесін жоспарлау	Сабақ/сабақты/қызметті оқыту мақсаттарына сәйкес және танымдық процесс заңдылықтары негізінде жоспарлайды (бірінші жылы тәлімгердің басшылығымен)	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тиісті оқыту/тәрбиелеу және оқыту әдістемелерін және бағалау құралдарын анықтап сабақ/сабақты/қызметті жоспарлайды	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қабілеттерін ескере отырып, бағалау технологиялары мен стратегияларын талдап, пәнаралық/пәнаралық байланыстар негізінде оқыту/тәрбиелеу процесін жоспарлайды	Әрбір білім алушы/тәрбиеленушінің дамуы үшін бағалаудың технологиялары мен стратегияларын бағалай отырып, оқыту / тәрбиелеудің интеграцияланған процесін жоспарлайды	Тәжірибені зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып, оқыту/тәрбиелеу процесінің мазмұнын жоспарлайды
3.3 Оқыту/тәрбиелеу процесін іске асыру	Танымдық / білім беру үдерісінің заңдылықтары контекстінде сабақ/сабақты/қызмет өткізеді және күтілетін нәтижелерге қол жеткізеді	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқу/шығармашылық жетістіктерді бағалаудың тиісті әдістемелері мен құралдарын қолданып сабақ/сабақты/қызмет өткізеді, күтілетін нәтижелерге қол жеткізеді	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қабілеттерін ескере отырып, сабақ/сабақта/қызметте пәнаралық байланыстарды, бағалау технологиялары мен стратегияларын қолданады	Әзірленген технологиялар мен бағалау стратегияларын қолдана отырып, интеграцияланған оқыту/тәрбиелеу процесін іске асырады	Тәжірибені зерттеу нәтижелеріне негізделген оқыту/тәрбиелеудің интеграцияланған процесін іске асырады

3.4 Оқыту/тәрбиелеу процесіндегі ынтымақтастық	Ата-аналарды/ заңды өкілдерді оқыту/ тәрбиелеу нәтижелері туралы хабардар етеді, білім алушылардың / тәрбиеленушілердің үлгерімін/ дамуын әріптестерімен талқылайды	Оқушылармен/тәрбиеленушілермен және ата-аналармен/ заңды өкілдермен оқыту/ тәрбиелеу нәтижелерін және жақсарту жолдарын талқылайды	Білім алушылардың / тәрбиеленушілердің үлгерімі мен дамуын бағалайды және қадағалайды	Педагогикалық қоғамдастық үшін білім алушылардың/тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелерін пайдалану бойынша ұсынымдар әзірлейді	Педагогикалық қоғамдастықта білім алушыларды / тәрбиеленушілерді дамыту бойынша тиімді ынтымақтастық тәжірибесін таратады
<b>4. ҮЗДІКСІЗ КӘСІПТІК ДАМУ</b>					
4.1 Өз тәжірибесі мен әріптестерінің тәжірибесіндегі рефлексия	Білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің танымдық үрдісінің заңдылықтары контекстінде үздік педагогикалық тәжірибелерді зерделейді	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеретін психологиялық-педагогикалық тәжірибелердің өзекті нәтижелерін талдайды	Білім алушылардың/тәрбиеленушілердің қабілеттерін дамыту бойынша өзекті зерттеулердің нәтижелерін бағалайды	Өзекті зерттеулер негізінде жеке оқыту/тәрбиелеу әдістемесін әзірлейді	Білім алушыларды/ тәрбиеленушілерді жеке оқытудың/тәрбиелеудің бірыңғай стратегиясын жобалайды

<p>4.2 Өзін-өзі дамыту сапасын басқару және көшбасшы болуға ұмтылу</p>	<p>Оқыту/тәрбиелеу және оқыту тіжңрибесін жақсартудағы өз қажеттіліктерін айқындайды, әріптестерімен өзара іс-қимыл жасайды</p>	<p>Әріптестерінің оқыту/тәрбиелеу тәжірибесін және жеке оқыту тәжірибесінің дамуын талдайды</p>	<p>Өз тәжірибесінде және әріптестерінің тәжірибесінде себеп-салдарлық байланыстарды бағалайды</p>	<p>Әріптестерімен өзара қарым-қатынаста сабақ/сабақты/қызметті зерттейді және білім беру ұйымында оқыту/тәрбиелеу тәжірибесін жақсарту үшін зерттеу нәтижелерін таратады</p>	<p>Білім беру ұйымдарында зерттеулерді үйлестіреді, педагогикалық қоғамдастықта нәтижелерді таратады</p>
--	---	---	---	--	--

\* жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнен басқа білім берудің барлық деңгейлері үшін жарамды

## 3 ТАРАУ. Кәсіптік стандарттың паспорты

### 3.1. Кәсіптік стандарттың атауы:

Педагог

### 3.2. Мақсаттары:

- педагог кәсібінің құндылығын мемлекет пен қоғам институционалдық, жеке және жүйелі деңгейде тануы;
- педагогті кәсіби өрлеу үшін дайындықтан және мамандыққа кірісуден педагогикалық шеберлікке жетуге дейін мүмкіндіктермен қамтамасыз ету.

### 3.3. Міндеттері:

- педагогті даярлаудың, оның біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларының негіздерін және үздіксіз кәсіптік оқыту мүмкіндіктерін айқындау;
- қызметтің басқа салаларындағы мамандарды қайта даярлаудағы басымдықтарды айқындау;
- педагогті сабақ беру/тәрбиелеу және оқыту тәжірибесін, кәсіптік міндеттемені, қоғамдық сенім мен құрметтеуді қолдауға ықпал ету;
- кәсіби қоғамдастықта сабақ беру/оқытуда және тәрбиелеуде мұғалімнің көшбасшылығын дамыту.

## 4 ТАРАУ. Кәсіптер карточкалары

**Білім беру деңгейлері бойынша кәсіптер карточкалары осы кәсіптік стандартқа**

**1-қосымшада келтірілген**

- Қосымша 1.1 Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиеші
- Қосымша 1.2 Мектепке дейінгі тәрбие бойынша әдіскер
- Қосымша 1.3 Мектеп мұғалімі

**Қосымша 1.4 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының оқытушысы**

- Қосымша 1.5 Өндірістік оқыту шебері
- Қосымша 1.6 Қосымша білім беру педагогы
- Қосымша 1.7 Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының әдіскері
- Қосымша 1.8 Арнайы педагог

# «Педагог» кәсіптік стандартына ҚОСЫМША 1.1

КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: «Педагог. Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиеші»		
Қызметтер жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы	Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиеші	
Қызметтер жіктеуішіне сәйкес код	2362	
Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	4-6	
Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	5	
Қызметтің негізгі мақсаты	Балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуын ұйымдастыру, балалармен ойындар мен сабақтарды жобалау және өткізу, олардың қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын бақылау	
Кәсіптік қызмет	Негізгі кәсіптік қызмет	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыру</li> <li>2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу</li> <li>3. Балаларды ерте дамыту әдістемесін меңгеру және оны практикада қолдану</li> </ol>
	Қосымша кәсіптік қызмет	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу</li> </ol>

**Кәсіптік қызмет****1. Тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыру**

1 міндет: тәлім –  
білім беру процесін  
жоспарлау

**БІЛІМ**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемелері
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық ерекшеліктері
3. Балалардың әр түрлі іс-әрекеттерін дамыту әдістері
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері
5. Санитарлық-гигиеналық жағдайларын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

**БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР**

1. Циклограммаларды құрастыру
2. Тәрбиеленушілердің балалар қызметінің негізгі түрлерін басқару
3. Оқыту әдістері мен технологияларын, тәрбие-білім беру процесінің нысандарын, әдістері мен тәсілдерін қолдану
4. Балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау
5. Қауіпсіз заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру

2 міндет:  
тәрбие-білім  
беру процесін  
ұйымдастыру

**БІЛІМ**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер
2. Педагогикалық этика нормалары
3. Жас физиологиясының, жас және жалпы психологияның теориялық негіздері



		<p><b>БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету</li> <li>2. Тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру</li> <li>3. Ойын қызметін ұйымдастыру үшін оқытудың техникалық құралдары мен компьютерлік техниканы пайдалану</li> <li>4. Ата-аналар қауымдастығымен ынтымақтастық</li> <li>5. Тәрбие-білім беру процесіне қатысатын мектепке дейінгі ұйымның басқа қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау (дене шынықтыру нұсқаушысы, музыкалық жетекші, дефектолог, психолог, медицина қызметкері)</li> </ol>
<p><b>Кәсіптік қызмет</b></p> <p><b>2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу</b></p>	<p>1 міндет:</p> <p>тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу</p>	<p><b>БІЛІМ</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістемесі</li> <li>2. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторингті жүргізу қағидалары</li> </ol> <p><b>БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бақылау негізінде мектеп жасына дейінгі баланың жеке басын зерттеу, оның қиындықтарын анықтау және оған көмектесу</li> <li>2. Мониторинг жүргізу үшін цифрлық ресурстарды пайдалану</li> <li>3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін мониторинг негізінде жеке бағдарлама жасау</li> </ol>

<p><b>Кәсіптік қызмет</b></p> <p><b>3. Әдістемелік қызметті жүзеге асыру</b></p>	<p>1 міндет:</p> <p>білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды әзірлеу және сынақтан өткізу</p>	<p><b>БІЛІМ</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дамыту бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын талаптар</li> <li>2. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдардың сапасын бағалау критерийлері</li> </ol> <p><b>БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балалардың жасына сәйкес сенімді және өзекті ақпаратты таңдау</li> <li>2. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдар мазмұнының сапасын бағалау</li> <li>3. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды әзірлеуге қатысу</li> </ol>
<p><b>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар</b></p>	<p>2 міндет:</p> <p>біліктілікті арттыру және / немесе қайта даярлау</p> <p>3 міндет:</p> <p>үздік педагогикалық тәжірибелерді жинақтау</p>	<p><b>БІЛІМ</b></p> <p>Білік және дағдылар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өзінің кәсіби дамуының траекториясын құру</li> <li>2. Кәсіби өзін-өзі дамытуды жүзеге асыру</li> </ol> <p><b>БІЛІМ</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алгоритм, формалар, әдістерді анықтау, зерттеу, тәжірибені жалпылау</li> <li>2. Үздік тәжірибелерді жинақтау және тарату әдістемесі</li> </ol> <p>Білік және дағдылар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәжірибені қорытындылау</li> </ol>
<p>Әдептілік, ізгі ниет, жоғары жауапкершілік және моральдық тұрақтылық, адалдық, эмпатия қабілеті, коммуникабельділік, ұқыптылық, ұйымшылдық, әдептілік сезімі, ұстамдылық</p>		

<b>СБШ басқа кәсіптермен байланыс</b>	236	Бастауыш мектеп мұғалімдері және мектепке дейінгі білім беру тәрбиешілері
<b>Білім беру және біліктілік жүйесімен байланыс</b>	Білім деңгейі: орта буын маманы, бакалавриат	
<b>КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: «Педагог. Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиеші»</b>		
<b>Қызметтер жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы</b>	Мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиеші	
<b>Қызметтер жіктеуішіне сәйкес код</b>	2362	
<b>Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі</b>	4-6	
<b>Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі</b>	5	
<b>Қызметтің негізгі мақсаты</b>	Балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуын ұйымдастыру, балалармен ойындар мен сабақтарды жобалау және өткізу, олардың қауіпсіздігі мен денсаулық жағдайын бақылау, тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби дамудың басымдықтарын айқындау, дамыту бағдарламаларын әзірлеу	
<b>Кәсіптік қызмет</b>	Негізгі кәсіптік қызмет	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыру</li> <li>2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу</li> <li>3. Балаларды ерте дамыту әдістемесін меңгеру және оны практикада қолдану</li> <li>4. Өз тәжірибесін зерттеу арқылы тәжірибені тарату</li> </ol>
	Қосымша кәсіптік қызмет	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Авторлық білім беру бағдарламаларын, ОӘК әзірлеу</li> <li>2. Нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу</li> </ol>

## Кәсіптік қызмет

## 1. Тәрбие-білім беру процесін жүзеге асыру

1 міндет:  
тәлім – білім беру процесін жоспарлау

**БІЛІМ**

1. Мектеп жасына дейінгі балалар дамуының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері
2. Ойын әрекетін зерттеу әдістері
3. Тәрбиеленушілерді санитариялық-гигиеналық жағдайларын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
4. Заттық-кеңістіктік дамытушы құру бойынша педагогикалық тәсілдер

**БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР**

1. Циклограммаларды құрастыру
2. Тәрбиеленушілердің балалар қызметінің негізгі түрлерін басқару
3. Балалардың дамуында ілгерілеуге қол жеткізе отырып, оқу - тәрбие процесінің міндеттерін табысты шешу
4. Қауіпсіз заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру және оны тиімді пайдалану

2 міндет:  
тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру

**БІЛІМ**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер
2. Педагогикалық этика нормалары
3. Жас физиологиясының, жас және жалпы психологияның теориялық негіздері
4. Ата-аналармен жұмыс істеудің тиімді формалары мен әдістері

**БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР**

1. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету
2. Тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру
3. Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи әдістемелерін, жаңа тәсілдерін, тиімді нысандары мен әдістерін қолдану

		<p>4. Көпфункционалды даму ортасының мүмкіндіктерін пайдалану</p> <p>5. Кәсіби қызметте цифрлық технологияларды қолдану</p> <p>6. Ата-аналар қауымдастығымен өзара әрекеттесу</p> <p>7. Тәрбие-білім беру процесіне қатысатын мектепке дейінгі ұйымның басқа қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау (дене шынықтыру нұсқаушысы, музыкалық жетекші, дефектолог, психолог, медицина қызметкері)</p> <p>8. Балалардың зерттеу дағдыларын дамыту</p> <p>9. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы заманауи зерттеулер мен әзірлемелерге қатысу</p>
<p><b>Кәсіптік қызмет</b></p> <p><b>2. Тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу</b></p>	<p>1 міндет:</p> <p>тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу</p>	<p><b>БІЛІМ</b></p> <p>1. Балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды диагностикалау тетігі</p> <p>2. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторингті жүргізу қағидалары</p> <p><b>БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР</b></p> <p>1. Педагогикалық практиканы зерттеуге арналған құралдарды әзірлеу</p> <p>2. Мониторинг нәтижелерін өңдеу және жүйелі талдау</p> <p>3. Мониторинг жүргізу үшін цифрлық ресурстарды пайдалану</p> <p>4. Мониторинг/зерттеу нәтижелері негізінде тәрбие мен оқыту нәтижелерін жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу</p> <p>5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін мониторинг негізінде жеке бағдарлама жасау</p>

## Кәсіптік қызмет

## 3. Ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асыру

1 міндет:

білім беру  
бағдарламалары  
мен әдістемелік  
құралдарды әзірлеу  
және сынақтан өткізу

**БІЛІМ**

1. Оқулықтар мен оқу құралдарының авторларына қойылатын талаптар
2. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды жобалау және әзірлеу негіздері
3. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдардың сапасын бағалау критерийлері

**БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР**

1. Көпшілік алдында сөз сөйлеу және аудиториямен өзара іс-қимыл жасау дағдыларын пайдалану
2. Оқу бағдарламаларын, тәрбие және оқыту әдістемелерін әзірлеу іскерліктері мен дағдыларын пайдалану
3. Авторлық бағдарлама және әдістемелік құралдары болуы
4. Жобалау дағдыларын меңгеру

2 міндет:

біліктілікті арттыру  
және / немесе қайта  
даярлау

**БІЛІМ****БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР**

1. Өзінің үздіксіз кәсіби педагогикалық дамуын жоспарлау
2. Өзінің кәсіби қызметінің рефлексиясын жүзеге асыру
3. Өз тәжірибесін тарату

3 міндет:

үздік педагогикалық  
тәжірибелерді  
жинақтау

**БІЛІМ**

1. Проблемалық талдаудың мәні мен технологиялары
2. Алгоритм, формалар, әдістерді анықтау, зерттеу, тәжірибені жалпылау

**БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР**

1. Ұйымдастырылған қызметті талдау дағдыларын пайдалану
2. Республикалық және халықаралық деңгейде өзінің педагогикалық тәжірибесін тарату

	<p>3 міндет:</p> <p>тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіптік қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау</p>	<p><b>БІЛІМ</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәлімгерлерге қойылатын талаптар</li> <li>2. Педагогикалық өзара іс-қимылға негізгі қадамдар</li> </ol> <p><b>БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби дамудың басымдықтарын айқындау</li> <li>2. Педагогикалық қоғамдастықтағы даму стратегияларын анықтау</li> <li>3. Кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау</li> </ol>
<b>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар</b>	Әдептілік, ізгі ниет, жоғары жауапкершілік және моральдық тұрақтылық, адалдық, эмпатия қабілеті, коммуникабельділік, ұқыптылық, ұйымшылдық, әдептілік сезімі, ұстамдылық	
<b>СБШ басқа кәсіптермен байланыс</b>	236	Бастауыш мектеп мұғалімдері және мектепке дейінгі білім беру тәрбиешілері
<b>Білім беру және біліктілік жүйесімен байланыс</b>	Білім деңгейі: орта буын маманы, бакалавриат, магистратура, докторантура	

# «Педагог» кәсіптік стандартына ҚОСЫМША 1.2

## КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: «Педагог. Мектепке дейінгі тәрбие бойынша әдіскер»

Қызметтер жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы	Мектепке дейінгі тәрбие бойынша әдіскер	
Қызметтер жіктеуішіне сәйкес ко-д	2371	
Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	6-7	
Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	5	
Қызметтің негізгі мақсаты	Білім беру қызметін ұйымдастыру, жоспарлау және үйлестіру	
Кәсіптік қызмет	Негізгі кәсіптік қызмет	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау</li> <li>2. Білім беру қызметін үйлестіру</li> <li>3. Әдістемелік қызметті жүзеге асыру</li> </ol>
	Қосымша кәсіптік қызмет	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу</li> </ol>
Кәсіптік қызмет	1 міндет: әдістемелік жұмысты жоспарлау	<p>Білім</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны мен құрылымы</li> <li>2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемелері</li> </ol>
	1. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау	<p>Білік және дағдылар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жылдық жоспар мен циклограмма жасау</li> <li>2. Жас топтары бойынша кесте құру</li> <li>3. Балалардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлау</li> <li>4. Есептік және есептік құжаттаманы ресімдеу</li> </ol>



		<p><b>БІЛІМ</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер</li> <li>2. Жас физиологиясының, жас және жалпы психологияның теориялық негіздері</li> </ol>
	<p>2 міндет:</p> <p>әдістемелік жұмысты ұйымдастыру</p>	<p><b>БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балалардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыру</li> <li>2. Әдістемелік бірлестіктердің жұмысын ұйымдастыру</li> <li>3. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану</li> <li>4. Семинарлар, конференциялар дайындау және өткізу;</li> <li>5. Қауіпсіз заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру</li> <li>6. Балалардың іскерліктері мен дағдыларының даму сапасына мониторинг жүргізу</li> <li>7. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану</li> </ol>
<p><b>Кәсіптік қызмет</b></p> <p><b>2.Білім беру қызметін үйлестіру</b></p>	<p>1 міндет:</p> <p>мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жұмысын үйлестіру</p>	<p><b>БІЛІМ</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дидактика принциптері, педагогика, психология негіздері, тәрбие мен оқытудың жалпы және жеке әдістемелері</li> <li>2. Педагогикалық этика нормалары</li> </ol> <p><b>БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Педагогтерге инновациялық технологияларды практикада қолдану бойынша әдістемелік көмек көрсету</li> <li>2. Тәрбие мен оқыту процесіне бақылау жүргізу</li> <li>3. Педагог қызметін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету</li> </ol>

<p><b>Кәсіптік қызмет</b></p> <p><b>3. Әдістемелік қызметті жүзеге асыру</b></p>	<p>1 міндет:</p> <p>білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды әзірлеу және сынақтан өткізу</p>	<p><b>БІЛІМ</b></p> <p>1. Бағдарламалар мен оқу құралдарының авторларына қойылатын талаптар</p> <p>2. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды жобалау және әзірлеу негіздері</p> <p>3. Әдістемелік және ақпараттық материалдарды жүйелеу принциптері</p>
	<p>2 міндет:</p> <p>біліктілікті арттыру және / немесе қайта даярлау</p>	<p><b>БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР</b></p> <p>1. Көпшілік алдында сөз сөйлеу және аудиториямен өзара іс-қимыл жасау дағдыларын пайдалану</p> <p>2. Оқу бағдарламаларын, тәрбие және оқыту әдістемелерін әзірлеу іскерліктері мен дағдыларын пайдалану</p> <p>3. Әдістемелік құралдарды әзірлеуге қатысу</p> <p>4. Жобалау дағдыларын дамыту</p> <p><b>БІЛІМ</b></p> <p><b>БІЛІК ЖӘНЕ ДАҒДЫЛАР</b></p> <p>1. Өзінің кәсіби біліктілігін арттыру</p> <p>2. Педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру</p> <p>3. Педагогтердің және жеке тәжірибені жинақтау</p>
<p><b>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар</b></p>	<p>Әдептілік, ізгі ниет, жоғары жауапкершілік және моральдық тұрақтылық, адалдық, эмпатия қабілеті, коммуникабельділік, ұқыптылық, ұйымшылдық, әдептілік сезімі, ұстамдылық</p>	
<p><b>СБШ басқа кәсіптермен байланыс</b></p>	<p>236</p>	<p>Бастауыш мектеп мұғалімдері және мектепке дейінгі білім беру тәрбиешілері</p>
<p><b>БТБА немесе БА немесе кәсіптердің басқа анықтамалықтарымен байланыс</b></p>		
<p><b>Білім беру және біліктілік жүйесімен байланыс</b></p>	<p>Білім деңгейі: орта буын маманы, бакалавриат</p>	

**КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: «Педагог. Мектепке дейінгі тәрбие бойынша әдіскер»**

<b>Қызметтер жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы</b>	Мектепке дейінгі тәрбие бойынша әдіскер	
<b>Қызметтер жіктеуішіне сәйкес код</b>	2371	
<b>Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі</b>	5-7	
<b>Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі</b>	6	
<b>Қызметтің негізгі мақсаты</b>	Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру, жоспарлау және үйлестіру, тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби дамудың басымдықтарын айқындау, дамытушы бағдарламаларды әзірлеу	
<b>Кәсіптік қызмет</b>	<b>Негізгі кәсіптік қызмет</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау</li> <li>2. Білім беру қызметін үйлестіру</li> <li>3. Тәрбие мен оқытудың жалпы және жеке әдістемесін меңгеру</li> <li>4. Ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асыру</li> </ol>
	<b>Қосымша кәсіптік қызмет</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Авторлық білім беру бағдарламаларын, ОӘК әзірлеу</li> <li>2. Нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу</li> </ol>
<b>Кәсіптік қызмет</b>	<b>1 міндет: әдістемелік жұмысты жоспарлау</b>	<p><b>БІЛІМ</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер</li> <li>2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны мен құрылымы</li> <li>3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемелері</li> <li>4. Педагогика, психология негіздері</li> </ol>

